

Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Гусаковка ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 10 ақпандағы № 5 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 12 ақпанда № 6004 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 20 желтоқсандағы №06-18/206 ұсынысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Гусаковка ауылдық округі әкімінің уақытша міндетін атқарушысы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Гусаковка ауылдық округінің Гусаковка ауылында орналасқан "Гусаковка" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аумағынан ірі қара малдың арасында бруцеллез ауруының ошағын жою бойынша ветеринариялық іс-шаралар кешенінің аяқталуына байланысты шектеу іс-шаралары тоқталсын.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Гусаковка ауылдық округі әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2019 жылғы 31 шілдедегі №1 шешімінің (2019 жылғы 7 тамызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5519 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Әкімінің уақытша
міндетін атқарушысы*

С. Оспанов